

10
САБАҚ

САҚТАНДЫРУ:
ОЛ МАҒАН КЕРЕК ПЕ?

ЖҰМСАЛМАЙТЫН
ҚОР

КРЕДИТТІК
ШАРТТАР

ЖИНАҚ
АҚША

ТӨЛЕМДЕР
ЖӘНЕ
АУДАРЫМДАР

КРЕДИТТІ
ДҰРЫС ТАҢДАУ

ҚҰҚЫҚТАР
ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР

ЕҢ ЖАҚСЫ
КРЕДИТ

ЕСЕП

ҮЙ БЮДЖЕТІ

10 сабақтың ішінде берік үй «Тұрғыз»

ҚЫМБАТТЫ ДОС!

Сіз қолыңызға халықтың қаржылай сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаның бірыңғай кітапшасын ұстап отырсыз, оны KMF өзінің барлық филиалдары мен бөлімшелерінде жүзеге асырады. Бұл бағдарламаны KMF-Демеу Қоры америкалық ACDI/VOCA ұйымының қатысуымен жасаған. Сіздерге қандай тақырыптардың қызықты және пайдалы болатынын түсіну үшін, біз клиенттердің арасында оқытуға қажеттілікті бағалау жөніндегі зерттеуді жүргіздік. Зерттеудің нәтижелері бойынша біз негізгі 10 тақырыпты анықтадық. Әр тақырып бойынша Сіздер KMF-тің қызметкерлері жүргізетін сабақтарын өтіп, осы кітапша түріндегі үлестіру материалдарын ала аласыздар. Сабақтарымыздың негізіне біз қазақстандық отбасылардың нақты мысалдарын алдық.

Біз, бағдарлама Сіздерге пайдалы идеяларды, тәсілдер мен құралдарды ұсынып, олар Сіздерге пайдасын тигізіп, отбасыларыңыздың қаржысын неғұрлым табысты басқаруға және оның әл-ауқатын арттыруға көмектеседі деп үміттенеміз.

СІЗДЕРГЕ KMF-ТІҢ КРЕДИТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРГЕ КЕЛЕСІ САБАҚТАРДАН ӨТУГЕ КЕҢЕС БЕРЕМІЗ:

- | | |
|------------------|--|
| 1 САБАҚ: | Егер мен қаласам, мен бұны істей аламын: үй бюджеті және отбасындағы қаржылық жоспарлау. |
| 2 САБАҚ: | Отбасымның қаржылық есебі. |
| 3 САБАҚ: | Өмірде неше түрлі жағдайлар болады. Отбасылық әмианды күтпеген жағдайлардан қалай қорғауға болады. |
| 4 САБАҚ: | Қор жинаудың әр түрлі тәсілдерінің «оңды» және «теріс» жақтары. |
| 5 САБАҚ: | Жақсы несиені қалай таңдауыма болады? |
| 6 САБАҚ: | Несие: Проблемалардан қалай құтылуға болады? |
| 7 САБАҚ: | Келісім-шартқа қол қоймастан бұрын нені білу керек? |
| 8 САБАҚ: | Менің қарыз алушы ретіндегі құқықтарым және міндеттемелерім. |
| 9 САБАҚ: | «Қолма-қол ақшадан» «қолма-қол ақшасыз» есептесуге – төлемдерді жүзеге асырудың нұсқалары. |
| 10 САБАҚ: | Сақтандыру: ол маған керек пе? |

Сіздерге бақыт және өркендеуді тілейміз!
Құрметпен, «KMF-Демеу» Қоры.

САҚТАНДЫРУ НЕ ҮШІН КЕРЕК?

Сақтандыру — бұл әр түрлі қауіптерден адамдар мен олардың мүдделерін сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз етуге арналған экономикалық қатынастардың ерекше түрі.

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ТАРИХЫН ҚАРАСТЫРАЙЫҚ.

Қарлығаш базарда мата сатады, одан басқа ол киімді тігіп, ұсақ-түйек жұмысты орындап қосымша табыс табуда. Бизнесі жақсы жүріп жатқандықтан, ол сол базарда екінші сауда орнын ашты.

Бір күні ол сақтандыру компаниясында жұмыс істейтін танысын кездестірді. Танысы сақтандырмаларды сату жөнінде жоспары барын және онысы нашар жүріп жатқандығын айтты. Ол Қарлығашты сауда орындарының бірін сақтандыруға иландырды. Танысының иландыруының әсерінен Қарлығаш өз дүкенін өрттен сақтандырып, сол сәтте «бостан босқа ақша жұмсағанына» өкінді.

7 айдан кейін базарда қатты өрт шығып, барлық құрылыстар, оның ішінде Қарлығаштың екі дүкені де өрттен қатты залалға ұшырады. Сонда Қарлығаш өзінің сақтандыруы туралы есіне түсірді: «Ол шынымен де, сақтандыру компаниясынан біраз қаражат ала ма екен?»

Және, ала алатын болып шықты! Бір айдан кейін Қарлығаш өрттен сақтандыру төлемінен түскен ақшаға бір дүкенін қайта жөндетіп жатты.


СОЛ КЕЗДЕ ЕКІ БІРДЕЙ САУДА ОРНЫН ДА САҚТАНДЫРМАҒАНЫНА ҚАТТЫ ӨКІНДІ.



САҚТАНДЫРУДАН ХАБАРЫҢ БОЛУ ҮШІН – КЕМ ДЕГЕНДЕ, САҚТАНДЫРУДЫҢ ТЕРМИНДЕРІН ТҮСІНУ КЕРЕК

Термин	Анықтама
Сақтандыру	Әр түрлі қауіптерден адамдар мен олардың мүдделерін сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз етуге арналған экономикалық қатынастардың ерекше түрі.
Сақтандыру арқылы қорғау	Сақтандыру жағдайы пайда болған кезде, сақтандырушының сақтанушыға, яғни, пайда алушыға немесе сақтандырылған тұлғаға сақтандыру және сақтандырумен көзделген басқа да төлемдер түрінде материалдық қамтамасыз етуді ұсынуға әлеуетті дайын болуы.
Сақтандырушы	Сақтанушыға шартта көрсетілген сақтандыру жағдайларының пайда болуы нәтижесінде орын алған залалын сақтандыру келісім шарты бойынша белгілі бір сыйақы негізінде (сақтандыру сыйлықақысы) өтеу міндеттемесін өзіне жүк-тейтін, сақтандыру қызметін атқаруға лицензиясы бар заңды тұлға (сақтандыру компаниясы) .
Сақтанушы	Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан , заңды немесе әрекет етуге қабілетті жеке тұлға . Сақтанушы – бұл сақтандыру компаниясына келіп қандай да бір қауіп-қатерді сақтандыратын тұлға.
Сақтандырылған тұлға	Жеке сақтандыру шарты соның атына жасалған жеке тұлға не жауапкершілігі осы шартпен сақтандырылған, жауапкершілікті сақтандырудың шарты бойынша жеке немесе заңды тұлға.
Пайда алушы	Ақша төлемі арналған жеке немесе заңды тұлға , яғни ақша алушы.
Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы)	Сақтанушы шартқа немесе заңға сәйкес сақтандырушыға енгізуге міндетті сақтандыру үшін төлемі .
Сақтандыру төлемі	Сақтандырушының сақтандыру өтемін төлеуді жүзеге асыруы (сақтандыру жағдайы пайда болған кезде сақтанушыға немесе пайда алушыға төленетін ақшалай өтемақы).
Сақтандыру жағдайы	Сақтандыру шартымен немесе заңмен көзделген оқиға, ол пайда болған сәттен бастап, сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын алған сақтандырушының сақтанушыға, пайда алушыға немесе басқа да үшінші тұлғаларға сақтандыру төлемін жүргізу жөніндегі міндеттемелері пайда болады.
Франшиза	Сақтандыру жағдайы (оқиға) пайда болған кезде компанияның төлемейтін (ұстап қалатын) залалдың бір бөлігі .

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІ



САҚТАНДЫРУДЫҢ ЕҢ ТАРАЛҒАН ТҮРІ – АВТОКӨЛІКТІ САҚТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ СӘТТЕРІ

Сұрақтар	Жауаптар
Сақтандырылады заты	Көлік құралы.
Сақтандыру жағдайы	Айдап әкету, бүлінуі, ЖКО, табиғат апаттары және басқа да көптеген қауіп-қатерлер.
Қалай реттеледі?	«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңымен.
Сақтандыру төлемін қалай алады? Сақтандыру жағдайында не істеу керек?	Сақтандыру компаниясына хабарласу, сақтандыру жағдайында сақтандыру компаниясының өкілдерін (апат комиссарын) шақыру қажет.
Сақтандырудың құны неге байланысты болады?	Сақтанушының өзі таңдаған түрі, сақтандыру тілегіне байланысты.
Франшиза деген не?	Франшиза – сақтандыру компаниясы төлемейтін сома. Ол не ақшамен, не залалдың сомасынан пайыздармен өлшенуі мүмкін.
Қандай құжаттар керек?	<ul style="list-style-type: none"> - сақтанушының арызы, оқиғаны сипаттау арқылы; - сақтанушының және автокөлік құралын басқарған тұлғаның жеке куәлігінің және жүргізуші куәлігінің көшірмесі; - автокөлік құралының техникалық төлқұжатының көшірмесі; - автокөлік құралының жол полициясының органдарында техникалық тексеріп қаралуының көшірмесі; - жол полициясының органдарының мөрмен куәландырылған құжаттары (әкімшілік шара қолдану туралы қаулы, ЖҚЕ бұзғаны туралы хаттама, ЖКО барлық қатысушыларына медициналық куәландырудың хаттамасы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту/тоқтату туралы қаулы, автокөлік құралының қарап тексерілгені туралы хаттама, ЖКО қатысушыларының түсіндірме жазбалары, оқиға болған жердің схемасы, болған кезде – соттың қаулысы/үкімі); - тәуелсіз сарапшының тауардың жайы туралы сараптамасының сметасы, сақтандырылған автокөлік құралына келтірілген зиянды көрсету арқылы; - сақтандыру жағдайына қатысты басқа да құжаттар.

Сұрақтар	Жауаптар
Қалай сақтану керек?	Сақтандыру компаниясымен көлік құралын сақтандыру туралы шартты жасасу.
Қандай компаниялар сақтандырады?	2012 жылдың 1 қарашасына 24 қазақстандық компания КҚ ерікті сақтандырудың лицензияларына ие.
Не өтелмейді?	Қазақстанның сақтандыру нарығында талаптары, мерзімдері, пайыздары, қызметтер көлемі мен тәуекелдері бойынша әр түрлі көптеген сақтандыру бағдарламалары бар. Авто-көлік құралын сақтандыруға жолаушыларды, автокөлікте тасымалданатын жүкті, үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікті сақтандыру енбейді. Сондай-ақ стандартты ерекшеліктер бар, бұларда, мысалы, жүргізуші ішіп алған болса немесе оқиға орнынан қашып кетсе, төлемдер жүргізілмейді.
Сақтандыру жағдайында сақтандыру компаниясы зардап шегуші тарапқа қанша төлейді?	Сақтандыру компаниясы Сізге, сақтандыру полисінде көрсетілген соманы – франшизаны – алып тастағанда, автокөлікке нақты қандай залал келтірілді, соған төлейді. Сондай-ақ, егер Сіз уақытында техникалық тексеріп қаралудан өтпесеңіз, талон мерзімі өтіп кетсе, сақтандыру компаниясы өтем ақыны төлеуден бас тартуы мүмкін.
ЖКО жағдайында кепілді төлемді қалай алуға болады?	Мұнда тікелей реттеу механизмі «іске қосылуы» керек. Ол екі жақтың да, кінәлі де, зардап шегуші тараптың да, сақтандыру полисі бар болған кезде ғана орындалады. Бұл жағдайда екі тарап та өз компанияларында өтемақыны ала алады.
Кінәлі жақтың сақтандыруы жоқ болса ше?	Кінәліге ОГПО бойынша сақтандыру жоқтығына айыппұл салынады, ал залалды өтеу жөніндегі қаражаттарды жәбірленуші тарап сот арқылы ғана талап ете алады.

САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫН ТАҢДАҒАН КЕЗДЕ КЕЛЕСІ БЕЛГІЛЕРІНЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- ◆ Лицензиясының болуы (лицензиясының бар екенін www.afn.kz сайтында тексеруге болады);
- ◆ Сенімділігі;
- ◆ Тұрақтылық;
- ◆ Қызмет көрсетуі;
- ◆ Түсінікті өнімдер;
- ◆ Нарықтағы тарихы;
- ◆ Ол қайда қайта сақтандырылды?



Белгілеп алу үшін

A spiral-bound notebook page with a grid for marking. The page is oriented vertically and features a spiral binding along the top edge. The grid consists of 15 columns and 20 rows. The top row is partially obscured by the spiral binding. The grid is intended for marking or recording data.

Белгілеп алу үшін

КМФ – ЖОБА КЕҢЕСШІСІ ТУРАЛЫ

КМФ Орталық Азиядағы, Кавказ, ТМД елдері мен Шығыс Еуропадағы микроқаржыландыру саласының көшбасшыларының бірі болып табылады. Компания өз қызметін 1997 жылдан бастады.

КМФ-тің негізгі бағыты – өз клиенттеріне топтық және жеке кредиттерді келесі қызмет түрлері үшін беру: бизнес, сауда, диқаншылық, мал шаруашылығы, өндіріс, қызмет көрсету, сондай-ақ, тұтынушылық кредиттендіру.

Бүгінгі күні «КМФ» МҚҰ 130 000-нан аса клиенттері бар және өзінің қызмет ету тарихында 200 мыңнан астам кредит беріп үлгерген Қазақстандағы ең ірі микроқаржыландыру ұйымы болып табылады (2015 жылғы 1 наурыздағы мәлімет).

Республикамыздың ірі қалалары мен ауылдарында орналасқан КМФ-тің 18 филиалы мен 75-тен астам бөлімшелерден тұратын кең аймақтық желісі бар. Жалпы алғанда, аталмыш бөлімшелер арқылы 3500-ге жуық шалғайдағы елді мекен тұрғындары микроқаржыландыру қызметіне қол жеткізіп отыр.

Компания өз клиенттерімен сенім, сыйластық пен түсіністікке негізделген, ұзақ мерзімді серіктестікке құрылған бағытты ұстанады. КМФ 18 жылғы қаржылық қолдауының арқасында 200 мыңға жуық қазақстандық өз кәсібін ашуға, оны кеңейтуге, тұрмысын жақсартып, балаларына сапалы білім беруге мүмкіндік алды.


КМФ-тің әлеуметтік жауапкершілікке негізделіп құрылғандығы және сол бағытты ұстанатындағы аса маңызды болып табылады. Компания өз тұтынушыларына кредиттендірудің қосымша шарттары мен қызмет көрсету жағдайын жақсарту мақсатында тұрақты түрде жұмыс жүргізеді, оның ішінде қаржылық емес қызметтер де бар. 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, «КМФ-Демеу» корпоративті қорымен бірлескен, халықты Қаржылық сауаттылыққа тегін оқыту – қаржылық емес өнімі іске қосылды. КМФ-тің әлеуметтік міндеті – сапалы қызмет көрсете отырып, тұтынушыға қаржылық сауаттылықтан мейлінше хабардар болуына үйрету.

Сенім білдіргендеріңізге рахмет!









ЖОБА БАСТАМАШЫСЫ:

«КМФ-Демеу» Корпоративтік қоры,
8 (727) 250 68 77, 250 68 78, факс: 250 68 76

Жоба кеңесшілері - «КМФ» МҚҰ құрылымдық бөлімшелері:

АҚТӨБЕ

Ағайынды Жұбановтар көш., 285 «Д», 8 (7132) 55 43 42, 55 40 21

АЛМАТЫ

Розыбакиев көш., 45 Г, 8 (727) 374 20 53
Қалдаяқов көш., 30, 8 (727) 266 83 51, 266 83 52

АСТАНА

Абай көш., 75, 8 (7172) 55 93 27, 55 93 28, 55 93 29

ҚАРАҒАНДЫ

Н. Әбдіров көш., 25, 8 (7212) 42 51 33, 41 27 56

ҚОСТАНАЙ

Баймағамбетов көш., 201, 8 (7142) 59 32 47, 59 32 48

КӨКШЕТАУ

Әуелбеков көш., 62, 8 (7162) 26 92 82, 26 46 05

ҚЫЗЫЛОРДА

Желтоқсан көш., 9 Д, «Ер Ару» т/к, 8 (7242) 26 38 47

ПАВЛОДАР

Ак. Бектұров көш., 66, 8 (7182) 59 36 96, 59 36 97

ПЕТРОПАВЛ

Букетов көш., 16, 8 (7152) 46 38 45, 46 38 53

СЕМЕЙ

Б. Момышұлы көш., 31/33, 8 (7222) 56 11 05

ТАЛДЫҚОРҒАН

Абай көш., 245, 8 (7282) 27 03 51, 27 15 47

ТАРАЗ

Байзақ батыр көш., 187, 8 (7262) 46 80 71, 46 80 72

ТҮРКИСТАН

С. Ерубаяев көш., 249 А, 8 (72533) 4 33 41, 4 33 32

ОРАЛ

Сарайшық көш., 89/1, 8 (7112) 26 75 23, 26 75 54

ӨСКЕМЕН

30-Гвардиялық дивизия, 24/1, 8 (7232) 61 51 26, 61 51 27

ШЫМКЕНТ

Теле би көш., 27 А, 8 (7252) 53 52 99, 53 55 05, 54 51 77
Ж. Тыныбаев көш., 28 А-Б, 8 (7252) 39 30 71, 39 30 70

Кітапшаның электронды нұсқасын www.kmf.kz сайттағы
«Қаржылық сауаттылық» бөлімінен алуға болады.